*ORCID ID: 0000-0002-9341-7512*

## **С. БЕГАЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТАНЫМ ҮРДІСІ**

**Аңдатпа.** Ұлттық санамызды да, көркемдік қабылдауымызды да тез құбылтып жататын осынау жиырма бірінші ғасырдың биігінен артымызға көз салатын болсақ, ұлы есімдердің өзі уақыт шаңына жұтылып, тез көмескіленіп бара жатқанын байқаймыз. Көркемдік сипаты жалпы ортақ талапқа өз деңгейінде жауап бере алатын көптеген туындыларды өмірге әкелген, өз заманының танымал қаламгері болған Сапарғали Ысқақұлының балаларға арналған шығармалары жиырма бірінші ғасырдың биігінен қараған жағдайда да идеялық-көркемдік құнын жоғалта қойған жоқ. Мақалада қазақ балалар әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Сапарғали Бегалиннің шығармашылығы қарастырылып, оның жеке-леген шығармалары ғылыми-аналитикалық тұрғыдан талданады. Сонымен бірге жазушының шағын жанрлардағы және поэзиялық шығармалары жөнінде ақпараттар беріледі. С.Бегалиннің басқа да замандас қаламгерлері тәрізді арнайы акцент жасай отырып жазған тақырыптарының бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес халқының қаһармандық ерлігі. Оның Кеңес одағының батыры атағын алған жерлесіміз Нұркен Әбдіровтың ерлігін жырлауға арналған «Қанатты қазақ» поэмасының көркемдік лейтмотиві патриоттық екіпнге толы. Батыр ұшқыштың туған елі, халқы үшін өз жанын пида етуін ақын әмгетеуір шеберлікпен бейнелей алған. Қазақтың қос қаһарман қызы Әлия мен Мәншүкті прототип етіп алған «Ажар» поэмасында ел басына қатер төнген шақта қазақ қызының өзі сұранып, майдан шебіне аттануы, сол соғыста көрсеткен ерліктері суреттеледі. Негізінде өзі қатарлас қаламдастарына қарағанда, ақын жырларында лирикалық-романтикалық сипаттары басымдау болып көрінеді.

Әсіресе көбірек талданатыны – «Бала Шоқан», «Сәтжан» повестерінің көркемдік жетістіктері. С.Бегалиннің балаларға арналған шығармаларының өзінде уақыт тынысы, тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналуындағы шығармашылық ізденістері сәтті көрініс тапқан.

Талдаулар нәтижесінде зерттеу нысанының өнер әлеміндегі жетістіктері дәлелденіп, бұл жазушының қазақ балалар әдебиетіндегі орны жайлы жекелеген қорытындылар жасалады.

**Кілт сөздер.** Ұлттық сана, көркемдік, эстетика, компонент, трагедия, эпизод, кеңістік, айшық, персонаж, қиял, таным, ұстаным, прототип, ыждаһат, бап, штрих, үрдіс, хикаят, құбылыс, үлгі

**Кіріспе.** Ұлттық санамызды да, көркемдік қабылдауымызды да тез құбылтып жататын осынау жиырма бірінші ғасырдың биігінен артымызға көз салатын болсақ, ұлы есімдердің өзі уақыт шаңына жұтылып, тез көмескіленіп бара жатқанын байқаймыз. Тіпті басқаны қойып, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып жатқан болашақ филологтардың да осы қаламгердің шығармаларын айта алмай, мүдіріп қалғандарына куә болғаным бар. Сондықтан да Сапарғали Бегалин есімін қазіргі жас оқырмандарымыздың бірі біліп, бірі білмей жатса, таң қалуға болмас.

Көркемдік сипаты жалпы ортақ талапқа өз деңгейінде жауап бере алатын көптеген туындыларды өмірге әкелген, өз заманының танымал қаламгері болған Сапарғали Ысқақұлының балаларға арналған шығармалары жиырма бірінші ғасырдың биігінен

қараған жағдайда да идеялық-көркемдік құнын жоғалта қойған жоқ. Атап айтқанда, оның «Көксегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұтақ» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Төл басы» (1947), «Бақыт» (1956), «Сырлы қайнар» (1963) «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976) атты прозалық жинақтарына топтастырылған жекелеген әңгіме-повестері жас оқырманды уақыт шындығымен ұшастыра алатын дүниелер.

Бұл аталғандардан басқа «Замана белестері» атты романы (1975) мен екітомдық таңдамалы шығармалар жинағы (1979) оқырман игілігіне айналды. Бүгінгі таңда бұларда жарияланған біраз әңгіме-повестері өз уақытында оқырман қауымның ілтипатына ие болғанын еске сала кеткеніміз жөн. Жас ұрпақтың эстетикалық сезімін қалыптастыруда, өмір мен табиғат сырларын түсінуге ықпал ететін, туған жерді, Отанды сүйеге тәрбиелейтін шығармалары аға ұрпақ оқырмандарының әлі күнге жадында.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қазақ қаламгерлерінің арасында шоқтығы биік жазушы С.Бегалин саналады. Қаламгер туындыларында көркемдік таным үрдісі анық байқалады. Дәл осын тақылеттес дүниелерді ХХ ғасырдағы Б. Соқпақпаев, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов сынды т.б. қазақ жазушыларының шығармаларынан байқаймыз.

Мақаланы жазуда басты мәселе, ол – қаламгер С.Бегалин шығармаларындағы «көркемдік таным үрдісін» зерттеу.

Көркемдік таным үрдісін ғылыми-аналитикалық, салғыластырмалы-сараптамалық тұрғыдан Б. Мұқатай, Б. Ыбырайым, Н. Ғабдуллин, Т. Ахтанов сияқты бірқатар зерттеушілер еді.

Тақырыпты зерттеу барысында жазушы С. Бегалин шығармалары негізге алынды. Мақалада ғылыми талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

**Зерттеу нәтижесі.** Қазақтың көптеген прозашыларының әдебиет табалдырығын ең алдымен өлең жазумен аттайтыны жазылмаған дәстүр десе де болады. Сапакең де өз заманында шығармашылық жолын жыр шумақтарын өрнектеуден бастапты. Оған дәлел – 1914 жылы «Айқап» журналында басылған «Қазақ қыз-боз балаларына» деген тұңғыш өлеңі. Одан кейін көп ұзамай жазылған «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» деген өлеңдері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі атышулы қанды оқиғаларға арналған екен.

Адамгершілікке үндеген ақын ел кезетін жалқаулардың теріс мінездерін сықақтай отырып, оларды ардақты еңбекке, білім алып, оқу оқуға шақырды.

Түтіні шыққан ауылдың

Түстігін аңдып, телмірме.

Еңбекке ұмтыл, ерінбе...

Жалдан да адал ақша тап.

Өмірді босқа өткізбей,

Жас шағында оқып бақ! (Мұқатай, 2010: 151) – деген өлеңі өз кезеңінің талабына сай келіп, уақыт ұранына үн қосты. Екінші жағынан қарап отырсаң, бұл шығарманың идеялық ұстанымы бүгінгі күні де көнере қойған жоқ.

Қалың оқырман Сапарғали Бегалинді ең алдымен прозашы ретінде танығанымен, әр жылдары жекелеген өлең кітаптары да жарық көріп отырған. Оның поэзия жанрын бір ақындай тәп-тәуір меңгере алғандығын аңғартатын – «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» (1916), «Жылаған жұрт уанды» (1917), «Тау сыры» (1938), «Таңсық» (1940), «Машинист» (1944), «Алтай аңызы» (1947), «Қыран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963), т. б. өлеңдері мен поэмалары. Бұл аталғандардың басым бөлігі балалар әдебиетінің ауылынан алыс емес, осы салаға қажетті көркемдік компоненттері толық, жас оқырманның қабылдауына лайықты. С. Бегалиннің өлеңдерін зер салып, көңіл қойып оқыған адам оның сазды лирик, сыршыл ақын екеніне көз жеткізе алар еді.

Оның балаларға арналған тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ өлеңдерінің тілі жеңіл, мазмұны да ұғымға ауыр емес.

Қандас азаматтардың ерлігін, батырлығын мадақтайтын «Алтай аңызы» (Төлеген Тоқтаров туралы), «Қанатты қазақ» (Нұркен Әбдіров туралы) поэмалары – Ұлы Отан соғысы шындығын сәтті бейнелеген шығармалар қатарында. Заман трагедиясы «Абақ арманы», «Айдос», «Баян жүрек», «Қыран кегі», «Бибі ханым» поэмаларынан қылаң береді. Олардан халқы үшін туған ерлердің қатыгез қоғаммен алысып өткен ауыр жағдайлары, халық басындағы күйзеліс анық аңғарылады. Бірден басын ашып алу керек, бұл соңғы тізімдегілердің кейбіреулерін таза балалар әдебиетінің туындыларына жатқыза алмаймыз.

С. Бегалиннің басқа да замандас қаламгерлері тәрізді арнайы акцент жасай отырып жазған тақырыптарының бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес халқының қаһармандық ерлігі. Оның Кеңес одағының батыры атағын алған жерлесіміз Нұркен Әбдіровтың ерлігін жырлауға арналған «Қанатты қазақ» поэмасының көркемдік лейтмотиві патриоттық екпінге толы. Батыр ұшқыштың туған елі, халқы үшін өз жанын пида етуін ақын әжептеуір шеберлікпен бейнелей алған. Қазақтың қос қаһарман қызы Әлия мен Мәншүкті прототип етіп алған «Ажар» поэмасында ел басына қатер төнген шақта қазақ қызының өзі сұранып, майдан шебіне аттануы, сол соғыста көрсеткен ерліктері суреттеледі. Негізінде өзі қатарлас қаламдастарына қарағанда, ақын жырларында лирикалық-романтикалық сипаттары басымдау болып көрінеді.

**Талқылау.** Сапарғали Ысқақұлы – Семей өңірінің тумасы. Ол кісі 1895 жылдың 24-қарашасында қазіргі қазіргі Абай ауданының аумағындағы Дегелең деген жерде өмірге келіпті. 1915 жылы Семей қаласындағы орыс-қазақ училищесін бітірер-бітірместен, ол 1916 жылы майдан шебіндегі қара жұмысына алынып, бірінші дүниежүзілік соғыстың біраз эпизодтарын өз көзімен көруі де – қаламгер өміріндегі елеулі оқиға.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, С.Бегалин жергілікті жердегі басқару саласында әртүрлі деңгейдегі жауапты қызметтер атқарған. Мысал үшін алғанда, 1929-1935 жылдары Дегелең болыстық атқару комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, аудандық халық соты сияқты лауазымдарымен қайнаған қарбаластардың алдыңғы қатарында болған.

Кейінірек Қазақ егіншілік халық комиссариатында, Түріксіб темір жол басқармасында жауапты қызметтер атқара келіп, ұзақ жылдар бойы «Темір жолшы»

газетінде, Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында (қазіргі Әдебиет және өнер институтында), Қазақстан Жазушылар одағында еңбек еткен екен. Қаламгер 1983 жылы өмірден өтті.

Соңғы қызметтерінде жүрген кезінде ол ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу саласында да бірсыпыра жүйелі жұмыстар тындырғанын факті ретінде ғана атап өтсе болар.

Ең бастысы – С. Бегалин әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар берген ұшқыр ойлы балалар қаламгері еді. Ұзақ шығармашылық сапарында оның қаламынан жиырманың үстінде поэма, оннан астам повесть, жүздеген әңгіме, тоғыз пьеса, бір роман, көптеген естеліктер, зерттеулер, мақалалар туды. Бір қаламгердің шығармашылық ғұмыры үшін бұл тізім аз жұмыс емес.

Қай замандарда болсын, көркем әдебиеттің алдында тұрған келелі мәселелердің бірі – халықтың тарихында айрықша із қалдырған белгілі бір айтулы тұлғалардың бейнелерін жасау. Бұл жағынан алып қарағанда, қазақ әдебиетінің мол тәжірибесі қалыптасқан деп тұжырымдауға болады. Ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан бастап күні бүгінге дейін тоқтаусыз жазылып келе жатқан ірілі-кішілі тарихи тұлғалар бейнесі әдебиетіміздің, соның ішінде көркем прозаның табысты олжаларының бірінен саналады. Сол «Абай жолы» тәрізді ұлы эпопеядан бастап кеше ғана ортамыздан кеткен Ахат Жақсыбаевтың «Иса ақын» деп аталатын дилогиясына дейінгі аралықта талай шығармалардың өмірге келгені белгілі. Олардың бірсыпырасы оқырмандардың сүйіспеншілігіне ие болып, тіпті мемлекеттік деңгейдегі марапатқа да қол жеткізді.

Бұл тұрғыдан алғанда Сәуірбек Бакбергеновтің «Қоянкөзге құлаған жұлдыз», «Ақбоз атты ару», «Дина күйші» және басқа шығармаларымен қатар С. Бегалиннің «Бала Шоқан» повесін атап өтуге болады. Яғни, осындай тұлғалардың бейнесін балалар мен жасөспірімдердің түсінігіне лайықтап өрнектеп шығу мәселесі С.Бегалиннің шығармашылығында да шет қалып қойған жоқ.

Шоқан Уәлиханов туралы Сапекеңнен кейін Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» атты трилогиясын жазды. Зерттеушілердің пайымдауына қарағанда, бұл көлемді шығарманың үшінші кітабы толық аяқталмаған. Бірақ, соның өзінде де Шоқан бейнесінің жоғары деңгейде суреттелгені жөнінде де әдебиеттанушылар әр кезеңде пікірлер айтып келеді.

Ал С. Бегалиннің «Бала Шоқаны» аты айтып тұрғандай жас оқырмандардың қабылдауына бағытталған. Онда Шоқанның бала кезі «отбасы ошақ қасындағы өмірі», өсіп-өнген ортасы, өзі қамқорлығын көрген атасы Шыңғыс, әжесі Айғанымнан бастап бірсыпыра туыстары қысқаша болса да повестің әр тұсынан шаң беріп қалып жатады. Шығармада Шоқан жастайынан ұстамды, ақылды, жан-жағына байыптап ой көзімен қарай білетін зерек бала ретінде бейнеленген. Мұның өзі өмір шындығынан алыс жатпауға тиіс деп ойлаймыз. Себебі, кез-келген тұлға жас кезінен өмірге осылайша ыждаһатпен, байыптылықпен қарай алса, өсе келе оның ұлы тұлғаға айналуы да неғайбіл.

С. Бегалиннің көркем шығармашылығында тарих қатпарларына үңілу, алыс жылдардан сыр тартып, замана келбетін бедерлей білу сипаты айқын. Оның нақты мы-

салын Шоқан жайлы туындыларынан, нақты айтқанда, «Бала Шоқан» повесінен көре аламыз. Жарқын талантымен, өлшеусіз еңбегімен қазақ халқының асыл перзенті ретінде тарихта қалған ұлы тұлғаның балалық, жастық шағы туралы әңгімелеуі уақыт шындығына сай. Қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы тұрмыс-тіршілігі де, тарихи ерекшеліктері де назардан тыс қалмаған. Автор Шоқан неліктен осындай ұлы тұлғаға айналды деген сұрақтың жауабын өскен ортасынан табады.

Филология ғылымдарының докторы Б. Ыбырайым балаларға арналған шығарманы жазу барысында: «Балалардың өзіндік өмірін, өзіндік әлеуметтік тіршілігіне зер салу, олардың тыныс-тіршілігінің талай мәселелері ересектердің әлеуметтік-моральдық атмосферасымен байланысты екенін ескерту» (Ыбырайым, 1997: 66) керектігін атап өтеді.

Бала Шоқанның маңайынан төбе көрсететін екінші бір жас кейіпкер – кедей баласы Мысық. Ауқатты жандардың төңірегінде жүріп, күндерін көретін жалшы-малшылар – қазақ қоғамына тән типтік персонаждардың қатарында. Сондай ортада өсіп келе жатқан кедей баласы Мысыққа Шоқанның ерекше ықыласы түседі. Оның да себептері жоқ емес. Өйткені, біріншіден, Мысық – өзінің мінез-құлқымен, сыртқы түрімен Шоқан сияқты ойлы жасты тарта білетін, ұнасымды қырлары бірден көрініп тұратын әдепті де, сыпайы мінезді. Екіншіден, қолынан өнері тамған жас жеткіншек. Ол балшықтан түрлі мүсіндер жасау арқылы Шоқанның назарын ғана емес, ықыласын да өзіне аударып алады. Оның қолы қалт етсе болғаны, әлгі Мысық есімді баланы іздеп, соны ойлап жүретіні де осындай себептерден.

Жазушы өзінің өскен ортасын кейіпкерінің өскен ортасын әр түрлі сипатта кестелей отырып, жас кейіпкердің дамуына, рухани өсуіне не әсер еткенін де көңілден қағыс қалдырмайды. Бұл арада Шоқанның маңайынан көрінетін бір-біріне қарама-қарсы екі бала образы турады айта кеткен жөн. Оның бірі – өзінің туған інісі Жақып. Бұл бай балаларына лайықты ерке, шолжың болып өскен, сондықтан да тентектігі, бұзықтығы атойлап көрініп тұратын кәдімгі типтік бейне. Жақып – осы тұрғыдан келгенде «Абай жолы» романында суреттелетін Абайдың туған інісі Оспан Құнанбайұлының жекелеген мінез-құлықтарын еске түсіретін сипаттағы персонаж. Абайдың да, Шоқанның да осындай тентек інілері болуы өмір шындығынан алыс жатыр деп айта алмаймыз, әрине. Жақып пен Мысық – бір-біріне қарама-қарсы алынған бейнелер. Ағасы Шоқанның жанына ілесіп келген кедей баласына теперіш көрсетуге даяр Жақып оны жете түсіне де алмайды.

С.Бегалин жалпы персонаждарды бейнелегенде ұзақ-сонар баяндауға немесе терең суреттеуге бой алдыра бермейді. Бұл арада ол кісінің сүйенетін көркемдік тәсілдерінің бірі – нақтылық, қысқалық. Бірақ соның өзінде де кейіпкер бейнесін сол жекелеген штрихтар арқылы есте қалатындай етіп суреттеуге бейім.

Екеуінің достығы ықшам детальдар арқылы бейнелене отырып, мінез-құлықтарындағы даралық та айқындала түседі. Мысық әке-шешесі біреуге тәуелді болғандықтан да, өзі де сондай психологиялық ахуалды басынан кешіреді. Оның бойындағы жасқаншақ, тартыншақ мінездің қалыптасуы еріксізден болған деген ойға келесіз.

Осы баланы үнемі іздеп жүретін Шоқан кейін Омбы қаласынан оқудағы демалысына келгенде де көңілі сол досына деген алаңдаушығын сездіріп қалады.

Повесте үлкендер арасындағы талас-тартыс, психологиялық үйлесімсіздік, қазақ қоғамына тән бақталастық, күндеушілік, соның салдарынан түрлі себептерді ілік етіп, сөзбен ілініп қалушылық сияқты ұнамсыз қылықтардың бар екендігі көлденеңдеп қалады. Мұндай тұстарға келгенде, оқырман балалар әлемінен үлкендер арасындағы түрлі сипаттағы құбылыстарға куә болады. Бас кейіпкер болашақтағы белгілі тұлға болғандықтан да, тек балалар өмірін суреттеумен ғана шектеліп қалмай, оның өскен ортасындағы ересек жандарды айтпай кету мүмкін емес. Малшылар өмірінің штрихтары да бүгінгі таңда танымдық тұрғыдан бағалы.

Профессор Р. Нұрғалиевтің: «С. Бегалиннің әңгіме повестерінде мал баққан адамның психологиясы, аңшылардың жан дүниесі сенімділікпен реалистік шыншылдықпен бейнеленеді. Бұл жанрдағы шығармаларда ұлттық өміріміздің енді қайталанбайтын, тарих қойнауында кеткен, суреткер қаламы тірілткен есте қалар, жанды картиналары бар» (Нұрғалиев, 1991) деген тұжырымы жазушының басқа шығармаларына да ортақ.

Повесте Шоқанның Омбыға оқуға баруы, ондағы балалармен, ұстаздармен араласуы, өмірдің жаңа қырын танып, түсіне білуі, осы жолдағы түрлі шиеленістері шағын штрихтармен ғана оқырманның көз алдына көлденеңдеп өтіп жатады. Бұл жағынан келгенде, Сапарғали Бегалин жазушы ретінде тапқырлық таныта алған деп тұжырымдауымызға әбден болады. Өйткені автор Шоқанның алдындағы өмір жолының бала кезден-ақ тақтайдай тегіс болмағанын өмір шындығына жақындастырып көрсете алған. Өйтпесе, бәрі жақсы болды деп сылап-сипап жазса, шығарманың тарихи шындығына нұқсан келетіні сөзсіз.

Повесте Шоқанның оқуға түскен кездегі бастапқы күндері бір жаймашуақ болып суреттеледі. Оны ешкім шетке қақпайтын, нәсіліне, ұлтына байланысты ұлыдержавалық, шовинистік пиғылдағы адамдардың кемсітпейтіні «бұл қалай?» дегізеді. Бірақ, оқиға өрби келе, ондай келеңсіз жайттардың Шоқан өмірінде де орын алғанын жазушы жасырмай айтады. Өзімен теке тірескен орыс ұлтындағы шәкірттердің кейбіреуі Шоқанды кемсітіп «киргиз, калбит» деп те жібереді. Бұл баланың Шоқанды мазақтауы, жалпы сол замандағы типтік құбылыс ретінде болғанын сездіреді. Анатолий деген тентек баланың осылайша қысым көрсетуі қысқа да болса нақты суреттелген.

Есесіне, Шоқанның өмір бойғы досы Григорий Потанинмен бірден тіл табысып кетуі, ортақ мәселелерде келісім тауып отыруы да табиғи шындықтан қара үзіп, алыстап кетпейді деген пікірдеміз. Жалпы, Сапарғали Бегалиннің аталған хикаяты – танымдық жағынан да назар аударуға тұрарлық шығармалардың бірі. Онда қазақтың салт-дәстүріне қатысты қызықты пайымдаулар да келтіріліп отырады. Сонау көшпелі қазақ қоғамынан алыстап кеткен бүгінгі жиырма бірінші ғасыр оқырмандары үшін де бұл шығарма осы жағынан да құнды болуға тиісті деп ойлаймыз.

Жазушының қазақ елінің тарихын, оның азаттық жолындағы күресін әңгімелеуге ықылас танытуы да ерекше. Соның нақты көрінісі «Замана белестері» атты деректі шығармасында айқын сезіледі. Өзі өткен өмір жолының килы-қилы белестері, феодалдық-патриархалдық ортадан жаңа қоғамдық құрылысқа қарай бет алған қазақ халқының жаңару жолы тартымды баяндалады.

Замана ыңғайына қарай жазылса да, ондағы қазақтың белгілі революционері Мұхамедқали Тәтімовтің өмірі мен еңбегі жайлы келиіретін мағлұматтары назар аударарлық. Кітаптың мемуарлық нышандары да жоқ емес. Өйткені автордың өзі негізгі оқиғалардың төңірегінен көрініп, қатынасып отырады. Уақыт аласапыранына сай түйіндер жасайды.

Жазушы Т. Ахтановтың өз кезінде: «Балаларға үлкендер туралы да көп айту керек. Үлкендердің өмір үлгісі арқылы адамгершілікті, еңбексүйгіштікті, достықты, ерлікті ұғындыру керек.

Балалар мен үлкендердің қарым-қатынасы да біздің әдебиетте жөнді сөз болған жоқ» (Ахтанов, 1980: 199) деп, жазғаны бекер емес.

Қалай айтсақ та, Сапарғали Бегалиннің қазақ балалар әдебиетін дамытуға қосқан үлесі әлі де назар аударарлық деңгейде. Балаларға арнап жазған өлеңдері мен әңгімелері тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Бір шығармаларда жас жеткіншектің жақсы үміті, талабы, әр іске икемділігі, құмарлығы сипатталса, енді бірінде олардың әр түрлі мінез-құлқы мен алуан әрекеттері суреттеледі. Бірсыпыра өлең мен әңгімесі балаға өмір сырларын, табиғат құбылыстарын танытуға арналған.

Оның балалар прозасындағы көркем кеңістігі – қақаған аяз, дүлей боран, шыжыған ыстық, жайдары жайлау. Кейіпкерлері – дала төсін жайлаған кесек тұрпатты, ірі мінезді жылқышылар, малшылар, аңшылар, солардың өнеге-үлгілерін ұстанған жасөспірімдер.

Қазақ прозасындағы балалар бейнесінің жасалу жолдары туралы сөз болғанда, әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің бірі Сапарғали Бегалиннің есімі еріксіз ойға оралады. Оның қаламынан туған «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Мерген бала» және т.б. шығармалары еске түседі. «С. Бегалин балалар бейнесін көркемдік талаптарды ескере отырып, өмір шындығына сай етіп жасайды. Оның жас кейіпкерлері көбінесе адамгершілігі мол, еңбекқор да парасатты» (Өскенбаев, 1970) дейді ф.ғ.к. Өскенбаев С.

Халықтық дәстүрді бойларына сіңіріп, табиғат аясында өскен жасөспірімдердің жан дүниелері де таза. Жазушының бұндай ұстанымы басқа да көптеген замандастарына тән болғанын да ұмытпаған жөн. Міне, осындай жандардың бірі – «Сәтжан» повесіндегі бас кейіпкер Сәтжан образы. Ол мал шаруашылығының жұмысына белсене араласып, іргесін жастайынан табиғат құбылыстарынан ажыратпаған адам. Сәтжан өзінің досы Жанай екеуі жазғы демалыстарында колхоз бұзауларын бағып жүреді. Сөйтіп колхоз малын көбейту жөнінде түрлі қиялдарға да беріліп қояды. Бүгінгі эгоизм мен өктемдік асқынған жаһандану дәуірінің балалары мұндай энтузиастарды түсіне алмаулары да ықтимал. Повесте Зейне ана, аңшы Серікбай, кенші Петр тәрізді ересектер бейнелері де жақсы бедерленген.

«Сәтжан» – жеткіншектерге аю, қасқыр, жолбарыс, ителгі, бүркіттер психологиясын ұғындырып, аң аулау тәсілдерін үйретіп, қоғамға белсенділігін күшейтетін шығарма» (Ғабдуллин, 1981: 238) деген ғалым Н. Ғабдуллиннің пікірі дәлелсіз, жадағай сөз емес.

С. Бегалиннің балалар мен жасөспірімдер жазушысы болуының басты себептері де жас ұрпақты тәрбиелеудегі осындай тәрбиелік ұстанымнан туындайды. Жас

оқырмандарға арналған шығармалары негізінен өзі көрген өмір тәжірибесі мен өзі ортасында жүрген тіршілік көріністерін реалистік тұрғыдан әңгімелеумен ерекшеленеді. Балаларға арналса да, үлкендердің де қызығып оқитын шығармалары да баршылық.

Жазушының «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Сымбатты Сима» және басқа повесть-әңгімелері тәрбиелік қуатымен күшті. Өскелең ұрпақтың бойындағы мөлдір сезімді, тазалық пен адамгершілік нышандарын оқырманға үлгі ете алуының өзі шеберлік. С. Бегалин шығармаларының сюжеттері бала ұғымына жақын қызықты болып келеді. Аңшылық әңгімелерін айтқан жерлерінде автордың беріле суреттейтін тұстары да аз емес. «Сәтжан» повесі сол замандарда қазақ балалар әдебиетінің елеулі табысы ретінде саналды. «Сәтжан» повесінің бас кейіпкерден басқа да балалар бейнесін ашатын қызықты эпизодтары баршылық. Онда Сәтжанның жолдастары Жанай, Қапан, Нариман сияқты балалардың мінез-құлықтары жекелеген детальдармен ептеп көрініп отырады.

«Мұнда жас азаматтың бойындағы тамаша қасиеттер, өнерге, еңбекке құштарлық, бала жүрегіндегі тәтті арман, мөлдір сезім өте шебер суреттелген. Сондықтан да бұл повесть – Қазақ Совет балалар әдебиетінің таңдаулы шығармаларының қатарынан берік орын алған» (Ғабдуллин, 1981: 115) деген филология ғылымдарының докторы Н.Ғабдуллин пікірі өз кезіндегі объективтік баға еді.

Оның орыс тіліне аударылып, Москва мен Ленинградта бірнеше рет басылып шығуы соның дәлелі.

«С. Бегалинді жастардың, балалардың жазушысы дегендердің негізгі тілге тиек ететіндері осылар. С.Бегалиннің шығармалары негізінен, жас ұрпаққа өзі көрген өмір тәжірибесі жайлы айтып беруге құрылады. Сонымен бірге ол, нағыз үлкен әдебиет тәрізді, үлкен-кішіге ортақ дүниелер. С.Бегалиннің кітаптарынан кімде кім болса пайдалы нәрсе түйіп қалады, өмірдің алуан түрлі шындығы мен қалтарыс сыры жайлы түсінік алады.

С. Бегалиннің Шоқан жайлы повестерінің бағалы қасиеттері осы ерекшелігімен байланысты. Оларда ватор беймезгіл заманда туып, заманының қыспағына түскен, жарқын талантымен, алғырлығымен, қараңғы түнекті жарып өтуге ұмтылған адамның өмірін, балалық, жастық шағын нанымды әңгімелейді» (Мұқатай, 2010: 148) деп, тұжырым жасайды зерттеуші Б.Мұқатай.

С. Бегалин аса ділмар емес, айшықты сөздерді қолдануы сирек. Бірақ соған қарамастан, балалар бейнесін көз алдына жұқалап болса да, елестете алады: «Әншейінде жай қимылдап, сөзді сараң сөйлейтін Сәтжанның мына сияқты әрі тез, әрі тапқыш қимылына Жанай таңданғандай бетіне қарай берді» (Бегалин, 1987: 12) деген сөйлемді алып қарайықшы. Осы арада Сәтжанға мінездеме қалай берілген? Жанама кейіпкер Жанайдың таңдануы арқылы берілмей ме. Екінші қатардағы персонаждың көзімен қарағандағы «Жай қимылдап, сөзді сараң сөйлейтін» Сәтжанның қандай бала екендігі оқырманға да аңғарылып қалады. Жазушы осы айтылғандардан ары қарай тереңдете суреттеуге жок. Мұнысы тіпті те олқылық болып саналмауы керек.

Балалар әдебиетін зерттеуші А.С.Ақтанова: «Әдебиеттің тәрбиелік мәні дегенде, белгілі бір қоғамдық өсуін, көркемдік дүниені қабылдау ерекшелігін ескереміз»



(Ақтанова, 2003: 26) деген ой айтады. Яғни, тәрбие жас адамның кешенді түрде қабылдауының іске асқан көрінісі.

С.Бегалин елуге жуық әнге өлең мәтіндерін жазған. Халықтар достығы, 2 рет «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталуы да осы еңбектердің жоғары жақтан еленгендігінің белгісі еді.

Бүгінгі таңда жазушының атында кітапханалар, көшелер бар. Ол кісінің мерейтойларына орай басқа да есімін қайтадан жаңғыртардай етіп, жыл сайын «Бегалин оқуларын» өткізіп тұрса да, артықтық етпес еді.

«Балалар үшін жазу оңай емес. Оның үстіне жас оқырманға туған жерді аялап, ардақтай білетіндей, табиғат-анаға жанашыр көзқараспен қарап, жан жүрегімен түйсініп қабылдайтындай әсчер етіп, сенімді де шынайы қалыпта жазу – қиынның қиыны» (Сапакең, 2021: 4) деп Бақытжан Қанапиянов айтқандай, С.Бегалин бұндай орынды талаптар биігінен еркін көріне алған қаламгер. Зерттеуші А.Ислямбекова бүгінгі қоғам заңдылықтары, мәдениеті, руханиятымен «балалар фольклоры», «балалар ойындары» үндесетіндігін айтады (Ислямбекова, 2022: 3).

**Қорытынды.** Сапарғали Бегалин – балалармен бірге ересек оқырмандарға да арнап әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар берген суреткер, шығармашылық ұзақ ғұмырында бабымен еңбек етіп, артында елеулі мұра қалдырған қаламгер. Кеңес дәуіріндегі қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде оның есімі әдебиет шежіресінде өзіндік орынға ие.

**Ақыш Н.Б.**

*Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова,*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: babe8812@mail.ru*

*ORCID ID: 0000-0002-9341-7512*

### **Процесс художественного познания в произведениях С. Бегалина**

**Аннотация.** В статье рассматривается творчество одного из крупнейших деятелей казахской детской литературы Сапарғали Бегалина, анализируются некоторые его произведения с научно-аналитической точки зрения. Наряду с рассказами писателя имеются сведения о его произведениях в малых жанрах, поэтических произведениях. Анализ доказывает уникальные достижения объекта исследования в мире искусства и тем самым делает некоторые новые выводы о роли этого писателя в казахской детской литературе.

Если мы оглянемся с высоты этого двадцать первого века, стремительно меняющего и наше национальное сознание, и наше художественное восприятие, мы увидим, что даже великие имена поглощаются пылью времени. Произведения известного писателя своего времени Сапарғали Исакулы, создавшего множество произведений, отвечающих общим требованиям художественного характера, не утратили своей идейно-художественной ценности даже с высоты XXI века.

Одной из тем С. Бегалина, как и других современных писателей, с особым акцентом, являются героические подвиги советского народа в годы Великой Отечественной войны. Художественный лейтмотив поэмы «Крылатый казах», посвященной героизму нашего соотечественника Нуркена Абдилова, удостоенного звания Героя Советского Союза, полон патриотических порывов. Поэт мастерски изобразил героическую жертву летчика за свою страну и народ. Поэма «Ажар», являющаяся прототипом двух казахских героинь Али и Маншук, описывает героизм казахской девушки, отправившейся на передовую по просьбе казахского народа перед лицом угроз стране. В самом деле, лирико-романтические черты стихов поэта как бы преобладают над стихами его современников.

Наиболее проанализированы художественные достижения рассказов «Бала Чокан», «Сатжан». Даже произведения С. Бегалина для детей удачно отражают дыхание времени, творческие поиски превращения исторической действительности в реальность художественную.

**Ключевые слова:** Национальное сознание, искусство, эстетика, составляющая, трагедия, эпизод, пространство, ясность, характер, воображение, познание, позиция, прототип, иждахат, статья, штрих, процесс, рассказ, явление, закономерность

**Akysh N.B.**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art,*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: babe8812@mail.ru*

*ORCID ID:0000-0002-9341-7512*

### **The process of artistic knowledge in the works of S. Begalin**

**Annotation.** The article examines the work of one of the largest figures in Kazakh children's literature, Sapargali Begalin. The article analyzes some of his works from a scientific and analytical point of view. Along with the writer's stories, there is information about his works in small genres and poetry. The analysis proves the unique achievements of the object of research in the world of art and what makes some new conclusions about the role of this writer in Kazakh children's literature.

If we look at the heights of this twenty-first century, rapidly changing both our national consciousness and our artistic perception, we see that even great names are absorbed in the dust. The works of the famous writer of his time Sapargali Iskakuly, who created a large number of works that meet the general needs of the artistic character have not lost their ideological and artistic value even today.

One of the themes of S. Begalin like other contemporary writers with a special emphasis is the heroic deeds of the Soviet people during the Great Patriotic War. The artistic leitmotif of the poem "Winged Kazakh", dedicated to the heroism of our compatriot Nurken Abdirrov who was awarded the title of Hero of the Soviet Union is full of patriotic impulses. The poet skillfully portrayed the heroic pilot's sacrifice for his country and people. The poem "Azhar" which is a prototype of the two Kazakh heroines Aliya and Manshuk describes the heroism of the Kazakh girl who went to the front line at the request of the Kazakh people in the face of threats to the country. In fact, the lyrical and romantic features of the poet's poems seem to prevail over those of his contemporaries.

The most interesting are the artistic achievements of the stories "Bala Chokan", "Satzhan". Even S. Begalin's works for children successfully reflect the breath of time the creative search for the transformation of historical reality into artistic reality.

**Key words:** National consciousness, art, aesthetics, component, tragedy, episode, space, clarity, character, imagination, cognition, position, prototype, idhahat, article, stroke, process, story, phenomenon, pattern

#### **Информация об авторе:**

**Ақыш Нурдаулет Бабиханұлы**, доктор филологических наук, главный научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. Алматы, Казахстан. E-mail: babe8812@mail.ru, ORCID ID:0000-0002-9341-7512

#### **Әдебиеттер:**

- Ахтанов Т. Көкейкесті. Алматы: Жалын, 1980. – 360 б. (каз.)  
Ақтанова А. Қазіргі қазақ драматургиясы. 2003. – 26 б. (каз.)  
Бегалин С. Сәтжан. Алматы, Жалын, 1978. – 168 б. (каз.)  
Ғабдуллин Н. Уақыт сыры. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, Жазушы, 1981. – 232 б. (каз.)  
Мұқатай Б. Бегалин Сапарғали // Қазақ көркемөсінің шеберлері: Анықтамалық. – Қарағанды: Эко-жан, 2010. – 512 б. (каз.)  
Нұрғалиев Р. Дегеленге біткен шынар. Қазақ әдебиеті. 1995 ж, N25, 10 қазан. (каз.)  
Сапақен. Жинақ. Алматы: Жібек жолы, БҰ, 2021. – 176 б. (каз.)  
Өскенбаев С. Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы. Филология ғылымының кандидат дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы. Алматы, 1970. – 370 б. (ҚазССР ғылымакадемиясы. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты). (каз.)

Ыбырайым Б. Сырлы элем. / Қазіргі қазақ балалар прозасы / Алматы: Ана тілі, 1997. – 224 б. (қаз.)  
Ислямбекова А., Матыжанов К. Қазақ балалар ойындары фольклортану ғылымының өзекті мәселелері. // 28-том, 109-шығарылым, Folklor/Edebiyat – N.23, P.1-27. DOI 10.22559/folklor.1997. (түрік.)

#### Литература:

Ахтанов Т. Текущий. Алматы, Жалын, 1980. - 360 с. (каз.)  
Актанова А. Современная казахская драматургия. 2003. - 26 с. (каз.)  
Бегалин С. Сатжан. Алматы: Жалын, 1978. – 168 с. (каз.)  
Габдуллин Н. Тайна времени. Статьи и исследования. Алматы, Писатель, 1981. - 232 с. (каз.)  
Мукатай Б. Бегалин Сапаргали // Мастера казахской литературы: Справочник. – Караганда: Экожан, 2010. – 512 с. (каз.)  
Нургалиев Р. Дегеленге биткен шынар. Казахская литература. 1995, N25, 10 октября. (каз.)  
Сапакен. Сборник. Алматы: Жибек жолы, БК, 2021. – 176 с. (каз.)  
Ускенбаев С. Тенденции развития казахской детской прозы. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы, 1970. – 370 с. (Академия наук Казахской ССР. Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова). (каз.)  
Ыбырайым Б. Загадочный мир. / Современная казахская детская проза / Алматы: Ана тили, 1997. - 224 с. (каз.)  
Ислямбекова А., Матыжанов К. Актуальные вопросы фольклористики казахских детских игр // Том 28, Выпуск 109, DOI 10.22559/folklor.1997. (тур.)

#### References:

Akhtanov T. (1980). Current. Almaty: Zhalyln, – 360 p. (in Kaz.)  
Aktanova A. (2003). Modern Kazakh dramaturgy. – 26 p. (in Kaz.)  
Begalyn S. (1978). Satzhan. Almaty, Zhalyln, – 168 p. (in Kaz.)  
Gabduldin N. (1981). The mystery of time. Articles and research. Almaty: Zhazushy, – 232 p. (in Kaz.)  
Mukatai B. (2010). Begalyn Sapargali // Masters of Kazakh Literature: A Handbook. – Karaganda: Ecozhan, – 512 p. (in Kaz.)  
Nurgaliev R. (1995). Degelenge bitken shynar. Kazakh literature, N25, 10 October. (in Kaz.)  
Sapaken. (2021). Collection. Almaty: Zhibek zholy, BK, 2021. – 176 p. (in Kaz.)  
Uskenbaev S. (1970). Trends in the development of Kazakh children's prose. Dissertation for the degree of candidate of philological sciences. Almaty, – 370 p. (Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Institute of Literature and Art named after MO Auevov). (in Kaz.)  
Ibrayim B. (1997). Mysterious world. / Modern Kazakh children's prose / Almaty: Ana tili, – 224 p. (in Kaz.)  
Islambekova A., Matyjanov K. Current Issues of Kazakh Children's Games Folklore Studies. // Folklor/ Literature. Том 28, No 109, DOI 10.22559/folklor.1997 (in Tur.)